

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2024 жылдың 28 мамырындағы
№ 15 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2024 жылдың 29 мамырынан бастап
қолданысқа енгізілді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі САЯСАТ

Осы Саясат "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарға, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-да комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатқа, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Саясат Биржадағы сыбайлас жемқорлық салдарларының алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және азайтуға бағытталған Биржадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарды, міндеттерді және негізгі қағидаттарды белгілейтін Биржаның ішкі құжаты болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі Биржаның комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.
3. Осы Саясатта пайдаланылатын ұғымдар мен келісім-шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында пайдаланылатын мағынада қолданылады.
4. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
 - 1) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және Заңға сәйкес өзге де шаралар;
 - 2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** – Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;
 - 3) **сыбайлас жемқорлық** – Биржа жұмыскерінің жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы тұлғаларды параға сатып алуы;
 - 4) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – Қазақстан Республикасының заңнамасында ол үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - 5) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы;
 - 6) **мүдделер қақтығысы** – Биржа жұмыскерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;
 - 7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Биржа жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;
 - 8) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – Биржа жұмыскерлерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

- 9) **сыйлық** – Биржаның жұмыскеріне/лауазымды тұлғасына және/немесе оның жұбайына (зайыбына)/жақын туысына клиенттің/контрагенттің немесе оларды ұсынған өзге де тұлғаның пайдасына жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін, егер мұндай іс-әрекеттер лауазымды жұмыскердің/лауазымды тұлғаның (функционалдық) өкілеттіктеріне кірсе немесе ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, өтеусіз берілген (тапсырылған) тауарлар, жұмыстар, қызметтер, ақша немесе кез келген өзге де мүлктік игіліктер (оның ішінде мүлктік құқықтарды беру, міндеттерден босату, Биржа жұмыскерінің/лауазымды тұлғасының немесе оның аффилиирленген тұлғаларының пайдасына қандай да бір құқықтан бас тарту, жеңілдіктер, несиелер беру, ойын-сауыққа, демалысқа, көлік шығыстарына ақы төлеу және т.б.);
- 10) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;
- 11) **шаруашылық жүргізуші субъект** – шаруашылық қызметін өз атынан жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;
- 12) **мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі** - "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қалыптастырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізбесі;
- 13) **сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі** – "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қалыптастырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізбесі;
- 14) **лауазымды тұлға** - Биржада ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттігі бойынша орындайтын Биржа жұмыскері, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешім қабылдауға уәкілетті, дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымдағы тұлға: Басқарма төрағасы мен мүшелері, қаржы директоры, басқарушы директор, бас бухгалтер, басшы осы Саясаттың мақсаттары үшін анықталған сатып алуды жүргізуді жүзеге асыратын бөлімшелер;
- 15) **еншілес ұйымдар** – шешімі жарғылық капиталға қатысудың басым үлесінің/акциялардың басым үлесінің не Биржамен жасалған келісім-шарттың (келісім-шарттардың) болуы негізінде Биржа анықтай алатын заңды тұлғалар;
- 16) **контрагенттер** деп Биржамен азаматтық-құқықтық келісім-шарттар жасасқан барлық жеке және заңды тұлғалар түсініледі.
5. Осы Саясатты Биржаның барлық лауазымды тұлғалары мен өзге де жұмыскерлері міндетті түрде қолдануға және сақтауға тиіс.
6. Осы Саясаттың қағидаларын еншілес ұйымдар жүзеге асыратын қызметінің маманданымы мен ерекшеліктерін ескере отырып қолданады.
7. Осы Саясат қағидаларының күші Биржа келісім-шарттық қатынастарға түсетін еншілес ұйымдарды қоспағанда, басқа заңды және жеке тұлғаларға қолданылуы мүмкін, бұл ретте мұндай шарттар Биржа олармен жасасатын келісім-шарттарда бекітілуі тиіс.

2 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары, міндеттері және негізгі қағидаттары

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаттары Биржадағы сыбайлас жемқорлық жағдайларының алдын алу, анықтау, болдырмау және азайту болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаттарына қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын іске асыру тетіктерін құру және енгізу;
 - 2) Биржа жұмыскерлерінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
 - 3) Биржаны және оның жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелдерін барынша азайту;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
 - 5) Биржа жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтауын қамтамасыз ету.
3. Биржада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:
 - 1) **заңдылық** – Биржадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар осы саладағы үздік халықаралық тәжірибелерді қолдана отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына қатаң сәйкестікте іске асырылады;
 - 2) **кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықты қабылдамау** – Биржаның лауазымды тұлғалары мен өзге де жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір делдалдық арқылы кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынады;
 - 3) **жұмыскерлерді қатыстыру** – Биржа өзінің барлық жұмыскерлерін және өзге де мүдделі тұлғаларды осы Саясаттың талаптарын ықтимал бұзушылықтар мен сақтамау жағдайлары жөнінде өздерінің күдік туғызатыны туралы хабарлауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар ұсынуға шақырады;
 - 4) **мүдделер қақтығысына жол бермеу** – Биржаның әрбір жұмыскері өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Биржаның мүдделерін өзінің жеке мүдделерінен жоғары қоюға және мүдделер қақтығысы ретінде бағаланатын немесе бағалануы мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермеуге тиіс;
 - 5) **жазаның бұлтартпастығы** – Биржа атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларына қарамастан, өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;
 - 6) **тиісті сақтық** – Биржа өз клиенттеріне/контрагенттеріне және бос лауазымға кандидаттарға қатысты олардың сенімділігі және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында тиісті сақтық жасайды.

3 бап.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері, олардың туындау факторлары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері:
 - 1) пара және/немесе заңсыз материалдық сыйақы алу және беру, парақорлыққа делдалдық ету;
 - 2) лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану және асыра пайдалану;
 - 3) қызмет бойынша әрекетсіздік және немқұрайлылық;
 - 4) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
 - 5) қызметтік жалғандық жасау;
 - 6) өзі немесе басқа жеке және заңды тұлғалар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа жеке және заңды тұлғаларға зиян келтіру мақсатында коммерциялық сатып алу;
 - 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес өзге де мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу.
2. Биржада сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындауына әсер ететін негізгі факторлар:
 - 1) тиімсіз ұйымдық құрылым және кадр саясаты;
 - 2) жұмыскерлер арасындағы корпоративтік мәдениеттің төмендігі;
 - 3) сапасыз ішкі құжаттар және олардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес келмеуі;
 - 4) көрсетілетін қызметтердің, сатып алу және Биржа мүлкін өткізу процестерінің ашық еместігі;
 - 5) ішкі бақылау жүйесінің тиімсіздігі;
 - 6) жұмыскерлермен/жұмыскерлер арасында коммуникация деңгейінің төмендігі.
3. Биржада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай шаралар қолданылады:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
 - 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
 - 4) Биржаның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау;
 - 5) лауазымды тұлғалар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер белгілеу;
 - 6) мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;
 - 7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды ашу және олардың зардаптарын жою жөніндегі шаралар;
 - 8) Директорлар кеңесіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі уәкілетті органға тұрақты есептілікті ұсыну;
 - 9) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді және бағалауды жүзеге асыру;
 - 10) оларды орындау кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында Биржаның үлгі келісім-шарттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізу;

- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да шаралар.

4 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – Биржаның қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Биржа жұмыскерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін осы Саясатқа 1 қосымшаға сәйкес анықтайды.

5 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

1. Өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында лауазымды тұлғалар:
 - 1) қызметтік өкілеттіктерін орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
 - 2) жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;
 - 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратуға жатпайтын құпия және өзге де ақпаратты пайдалану;
 - 4) егер мұндай іс-әрекеттер тұлғалардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе бұл тұлғалар лауазымдық жағдайына қарай осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді оларды берген тұлғалардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін қабылдау;
 - 5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа шектеулерін қабылдайды.
2. Лауазымды тұлғаларға:
 - 1) егер шаруашылық етуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық етуші субъектіні басқаруға өз бетінше қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;
 - 2) мыналарды:
 - ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және (немесе) өткізуді;

- оларға меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді мүлктік жалдауға (жалға алуға) беру және осындай тапсырудан табыс алуды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
 - 3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға;
 - 4) өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және/немесе жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқаруға, сондай-ақ тікелей бағынысында жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және/немесе жекжаттары болуға;
 - 5) Биржаның немесе квазимемлекеттік сектордың басқа субъектісінің бір басқару органында (қадағалау кеңесінде, атқарушы органында) өзінің жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) және/немесе жекжаттарымен лауазымдар атқаруға;
 - 6) егер мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады.
3. Лауазымды тұлғалар лауазымға кіріскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, осы тұлғаларға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүлктік жалдауға берілген мүлкті қоспағанда, өздеріне тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін мүлкті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, осы функцияларды орындау уақытында сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.
4. Лауазымды тұлғалар Биржаның басқару органдарында, байқаушы кеңестерінде, еншілес, тәуелді және аффилиирленген заңды тұлғаларының атқарушы органдарында ақы төленетін лауазымдарды атқаруға құқылы.
5. Лауазымды тұлғалардың міндеттемелерді орындамауы олардың өз өкілеттіктерін тоқтатуына негіз болып табылады.
6. Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін HR бөлімшесі жұмысқа қабылдау кезінде және/немесе басшы лауазымға тағайындау кезінде осы Саясатқа 2 қосымшаға сәйкес өтініштерге қол қою арқылы рәсімдейді, олар лауазымды тұлғалардың жеке істерінде сақталады.
7. Биржаның лауазымды тұлғалары мен өзге де жұмыскерлері мүдделер қақтығысы туындаған кезде немесе ол туындаған жағдайда мүдделер қақтығысын басқару мәселелерін реттейтін Биржаның ішкі құжатында көзделген тәртіппен жоғары тұрған басшыға және комплаенс бөлімшесіне хабарлауға міндетті.

6 бап.

Сыйлықтар алу және сыйға тарту

1. Ешбір жағдайда Биржаның лауазымды тұлғасы мен өзге де жұмыскерінің сыйлықты алуы/сыйға тартуы Биржаның лауазымды тұлғалары мен өзге де жұмыскерлерінің беделіне теріс әсер етуге қабілетті жасырын сыйақы болып табылмауға тиіс.
2. Биржаның лауазымды тұлғаларына және өзге де жұмыскерлеріне:
 - 1) Биржаның контрагенті, өзге де үшінші тұлғалар осындай жұмыскердің Биржадағы өзінің лауазымдық және функционалдық міндеттеріне байланысты қандай да бір іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасауына байланысты өзі үшін, өзінің жұбайына (зайыбына), жақын туысына берген сыйлықтарды қабылдауға;
 - 2) валюта нысанына (қолма-қол/қолма-қол емес) және түріне қарамастан, Биржа мен оның жұмыскерлерінің атынан үшінші тұлғаларға ақша түрінде сыйлықтар қабылдауға/сыйға тартуға;

- 3) сыйлықтар беруді сұрауға немесе мәжбүрлеуге тыйым салынады.
3. Биржаның лауазымды тұлғалары мен өзге де жұмыскерлері осы бапта көзделген шектеулерді ескере отырып, іскерлік сыйлықтарды (жарнамалық, имидждік сипаттағы):
 - 1) семинарлар, тұсаукесерлер және өзге де іскерлік/корпоративтік іс-шаралар өткізуге байланысты;
 - 2) Биржаның немесе басқа заңды тұлғаның құттықтау ашықхаттары, құрмет белгісі, грамоталары сияқты таныстыруларға арналған;
 - 3) Биржа өткізетін іс-шараларға қатысқаны үшін, сондай-ақ биржа нарығындағы жетістіктері үшін алған сыйлықтарды, жүлделерді қабылдауға/сыйға тартуға құқылы.
4. Егер осы баптың 3 тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкес келмесе, кез келген сыйлықтар іскерлік қатынастар этикасын сақтай отырып, қабылданбауға/сыйға тартушыға қайтарылуға тиіс.
5. Лауазымды тұлғаларға және/немесе олардың отбасы мүшелерін хабардар етпей келіп түскен сыйлықтар, сондай-ақ олар осы баптың талаптарын бұза отырып алған сыйлықтар сыйлық алынған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге тиіс, ал аталған тұлғаларға нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтер қызмет көрсетілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы төленуі тиіс.
6. Биржа жұмыскерлері сыйлық алу фактілері туралы оларды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде комплаенс бөлімшесіне хабарлауға міндетті.
7. Биржада мөлшері қызметтер үшін ресми алымдардан ерекшеленетін әдеттегі процедураларды орындау немесе жеделдету үшін лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің атына жүзеге асырылатын формальдылықтарды оңайлатқаны үшін сыйақы ретінде төлемдер төлеуге немесе қабылдауға тыйым салынады.
8. Биржа саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландырмайды, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру үшін артықшылық алу немесе сақтау мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларға қатыспайды.

7 бап.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

- 1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) әлеуетті контрагенттерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 3) әлеуетті контрагенттер арасында адал бәсекелестікті қолдау;
- 4) сатып алу процесінің ашықтығы мен анықтығына ықпал ету;
- 5) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- 6) контрагентті таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар не өткізілетін сатып алудың бастамашылары немесе ұйымдастырушылары болып табылатын Биржа жұмыскерлерінің жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) немесе жекжаттарын (жұбайларының туыстарын) әлеуетті контрагент ретінде өткізілетін сатып алуға қатысуға жібермеу;
- 7) Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және/немесе соттардың заңды күшіне енген шешімдері негізінде және уәкілетті органның

әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға / сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылатын және <https://goszakur.gov.kz> / <https://eep.mitwork.kz/ru> интернет-ресурстарына орналастырылған Сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті контрагенттің және/немесе ол тартатын қосалқы мердігердің қатысуына жол бермеу қажет.

8 бап.

Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды басқару

Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды басқару кезінде құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

- 1) туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 2) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 3) Биржаға жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерге қойылатын негізгі міндеттерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіруге;
- 4) жұмыскерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;
- 5) лауазымға тағайындалатын лауазымды тұлғаларға жеке сипаттағы қандай да бір қызметтер көрсету туралы өтініш жасамауға және талап етпеуге;
- 6) жұмыскерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және дәл анықтауға;
- 7) жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлуге жол бермеуге;
- 8) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін өкімдер бермеуге;
- 9) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныстылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдалануға;
- 10) бағыныстыларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүр етпеуге;
- 11) бағыныстылар мен басқа да тұлғалар тарапынан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормаларының бұзылу фактілеріне жол бермеуге және олардың жолын кесуге;
- 12) өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында бір бөлімшенің жұмыскерлерінде туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде толық шараларды уақтылы қабылдауға;
- 13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде түбегейлі шаралар қабылдауға;
- 14) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде бағыныстылармен бірге жоюға;
- 15) ақшалай немесе өзге де мүлктік сипаттағы құмар ойындарға жоғары тұрған не төмен тұрған не жұмыс бойынша онымен өзге де тәуелділіктегі тұлғамен қатыспауға;
- 16) қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге тиіс.

9 бап.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қолдану

1. Биржа сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа

қарсы заңнамасының нормаларына сәйкес халықаралық стандарттарды қолдана отырып жүзеге асырады.

2. Биржада жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг тақырыптық болып табылады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысты ақпаратты, Биржаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігіне қатысты ақпараттың жай-күйі мен талдауын жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау мақсатында жүргізіледі.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті компаенс бөлімшесі тоқсан сайын бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, Ішкі аудит қызметінің есептерін, жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын (өтініштерін), Биржа жұмыскерлерінің мүдделерінің әлеуетті қақтығысының болуын/болмауын зерделеу арқылы жүргізеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін компаенс бөлімшесі тоқсан сайынғы негізде компаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі есепке енгізеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіз болып табылуы мүмкін.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Талдауды компаенс бөлімшесі жылына кемінде бір рет Биржаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын ішкі құжатында көзделген тәртіппен жүргізеді.
5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің алдын алу, болдырмау не анықтау мақсатында Биржаның жұмыскерлері мен контрагенттері, сондай-ақ өзге де үшінші тұлғалар құпиялылықты қамтамасыз ететін мынадай байланыс арналарының кез келгені бойынша Биржаны хабардар ете алады:
 - 1) электрондық мекенжайы: anticorruption@kase.kz;
 - 2) сенім телефоны: +7 (727) 237 6020;
 - 3) пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат.
6. Жұмыскерлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында компаенс бөлімшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жұмыскерлерді даярлау және оқыту бағдарламасын компаенс бөлімшесінің жұмыс жоспарына сәйкес іске асырады.

10 бап.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі қызмет

1. Биржаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары:
 - 1) Биржаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай саясатын жүргізу және Биржада сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс көзқарас қалыптастыру;
 - 2) Биржаның сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алуға жауапты бөлімшелерін немесе уәкілетті тұлғаларын анықтау;
 - 3) Биржаның осындай тәуекелдерге неғұрлым ұшырайтын қызмет салаларын анықтау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне

тұрақты бағалау жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шаралар әзірлеу;

- 4) Биржадағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу;
 - 5) Биржа жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту, ақпараттандыру және кеңес беру (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттарымен танысу, оқыту іс-шараларын өткізу, Биржа жұмыскерлеріне жеке кеңес беруді ұйымдастыру);
 - 6) контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру;
 - 7) ішкі бақылау және аудит (Биржаның ішкі бақылау және аудит жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету, ішкі процедуралар мен стандарттардың, бухгалтерлік есеп деректерінің сақталуын, бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттарының болуы мен дұрыстығын, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары салалардағы шығыстардың экономикалық негізділігін ұдайы бақылауды жүзеге асыру, ресми емес есептілікті жасауға және жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеу, Биржаның мүлкі мен ресурстарын пайдалану тәртібін жетілдіру);
 - 8) Биржа жұмыскерлері үшін белгіленген құқықтар мен шектеулерді, тыйым салулар мен міндеттерді біріздендіру;
 - 9) Биржаның мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимылы болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру – қоғамда жалпыға танылған құндылықтар жүйесінің призмасы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қажеттігіне Биржа жұмыскерлерінің сенімін нығайту жөніндегі қызмет.
 3. Биржаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті жалпы білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы қалыптасады, олардың ішінде:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту;
 - 2) тақырыптық бейнематериалдарды қарау және талқылау;
 - 3) кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлей отырып, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;
 - 4) ішкі құжаттарды әзірлеу және енгізу;
 - 5) түсіндіру және басқа да іс-шараларды жүргізу.

11 бап.

Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және оның алдын алуға бағытталған жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жауапкершілігі

1. Биржа және оның лауазымды тұлғалары Заңға сәйкес өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жүзеге асырады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және оның алдын алуға бағытталған шаралардың тиімділігі іс-қимылдардың дәйектілігімен, жүйелілігімен және үздіксіздігімен сипатталатын Биржа басшылығының принципті ұстанымымен қолдау табады.

12 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Саясат талаптарының орындалуы үшін жауапкершілік барлық жұмыскерлерге жүктеледі.
2. Осы Саясаттың мазмұнын HR бөлімшесі жұмысқа қабылдау кезінде Биржаның әрбір жұмыскерінің назарына, сондай-ақ осы Саясатқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда – Биржаның барлық жұмыскерлеріне жеткізуге тиіс.
3. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ органдар мен лауазымды тұлғалардың белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдеріне сәйкес олардың құзыреті шегінде шешіледі.
4. Осы Саясат Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.
5. Осы Саясат осы Саясат қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіру қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Сыбайлас
жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл
жөніндегі саясатқа

1 қосымша

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТАНДАРТТАР

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес Биржада сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу мақсатында әзірленді.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Биржаның жұмыскерлері үшін олардың қызметтік функцияларын жүзеге асыру кезінде мінез-құлықтың құндылықтары мен моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлары жүйесін құру арқылы Биржадағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын қол жеткізуге бағытталған.
3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: **қаржы, оның ішінде биржалық және банктік қызмет.**
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:
 - 1) заңдылық;
 - 2) транспаренттілік;
 - 3) әдептілік;
 - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
 - 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Биржа жұмыскерлеріне мынадай мінез-құлық нормаларын анықтайды:
 - 1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
 - 2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге;
 - 3) өз тарапынан Биржаның беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;
 - 4) тікелей немесе тура басшыға қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы баяндау;
 - 5) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және/немесе пайдакүнемдік мүдделерін басшылыққа алмау;
 - 6) әріптестеріне және басшыларына олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен жүгінуден тартыну;
 - 7) басқа жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және мұндай іс-әрекеттерді көтермелемеу;
 - 8) қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

- 9) таратуға жатпайтын құпия және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында пайдалану;
 - 10) егер ол жақын туыстық және отбасылық қатынастардағы тұлғаларға (ата-аналарына, ерлі-зайыптыларына, аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне, балаларына, жежжаттарына (жұбайының (зайыбының) аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне, ата-аналарына және балаларына) тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тарту;
 - 11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік көрсету;
 - 12) тікелей немесе тура басшыға орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәндер туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға;
 - 13) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
 - 14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және еріптестерінен сақтауын талап ету;
 - 15) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ Биржаның өзге де мүлкін қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану;
 - 16) Биржаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруды жүзеге асыратын бөлімшесін және Биржаның персоналды басқару саласындағы саясатты іске асыруды жүзеге асыратын бөлімшесін кәсіпкерлік қызметке ниеті немесе нақты қатысуы туралы хабардар ету.
6. Барлық деңгейдегі басшылар қарамағындағылармен қарым-қатынаста:
- 1) бағынысты жұмыскерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл анықтауы;
 - 2) бағыныстағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлуге жол бермеуі;
 - 3) бағыныстылар қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуы;
 - 4) бағыныстыларға анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуі;
 - 5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныстылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдалануы;
 - 6) бағынысты жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүр етпеуі;
 - 7) бағыныстылар мен басқа да жұмыскерлер тарапынан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуі және олардың жолын кесуі;
 - 8) бағынысты жұмыскердің өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде толық шараларды уақтылы қабылдауы;
 - 9) бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюы
 - 10) өзінің мінсіз мінез-құлқымен бағынысты жұмыскерлерге үлгі көрсетуі тиіс.
7. Барлық деңгейдегі басшылар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді және оларға бағынысты жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

Сыбайлас
жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл
жөніндегі саясатқа

2 қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы

М Ә Л І М Д Е М Е

Мен _____,
(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау, менің лауазымдық өкілеттігімді жеке, топтық және өзге де қызметтен тыс мүдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында:

- 1) өз функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) тұлғалардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірлесіп жұмыс істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында ресми таратуға жатпайтын ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.

(тегі, аты және әкесінің аты, қолы, күні)